

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сараптамалар мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің біліктілік дәрежесін бекітетін сарапшылық мамандықтары түрлерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 14 маусымдағы N 44 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2006 жылғы 24 ақпандағы N 68 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 28 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4107. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 209 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.07.20 № 209 Бұйрығымен.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын және "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сараптамалар мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің біліктілік дәрежесін бекітетін сарапшылық мамандықтары түрлерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 14 маусымдағы N 44 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 861 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 22 маусымдағы N 80 және 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 30 бұйрықтарымен енгізілген толықтырулармен және өзгеріспен) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығында жүргізілетін сараптамалар мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің біліктілік дәрежесін бекітетін сарапшылық мамандықтары түрлерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 17-жолда:

"Сарапшылық мамандықтар" деген 3-бағандағы "сот-сараптамалық психологиялық зерттеу" және "сот-сараптамалық психологиялық-психиатриялық зерттеу" деген сөздер алып тасталсын;

"Мамандықтар шифрі" деген 4-бағандағы "17.2" және "17.3" деген сандар алып тасталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі С.П.Нұғмановқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК